

Мемлекеттік мүлікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы заңды қолдануға байланысты дауларды шешу тәжірибесінің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумы 1995 жылғы 8 ақпан N 3. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 28 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 28 Нормативтік қаулысымен.

Осы санаттағы істердің сот-төрелік тәжірибесін қорытындылау мемлекет иелігінен алу және жекешелендірумен байланысты дауларды төрелік соттардың негізінен дұрыс шешетіндігін дәлелдеді.

Сонымен бірге, төрелік соттардың жекелеген қате шешімдер қабылдауы, істің материалдары мен жағдайларын толық зерттемеуі, тараптардың дәлелдері мен қарсылықтарын ескермеуі, процесті бұзушылыққа жол беруі орын алған.

Кейбір істер бойынша шешімдер заңға сілтеусіз баяндалады.

Алдын алу жұмыстарының тиімділігі жеткіліксіз.

Сот-төрелік тәжірибесінің біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатымен, "Қазақстан Республикасының төрелік сот туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26 бабын басшылыққа ала отырып Қазақстан Республикасы Жоғары Төрелік Сотының Пленумы

қаулы етеді:

1. Даулы актілер мен мәмілелердің қатысушыларды заңды тұлға болып табылған және заңда басқаша көзделмеген жағдайда, мемлекеттік мүлікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіруге байланысты даулар төрелік соттарда қарайды.

2. Істерді қарауға дайындаған кезде, жағдайды толық және жан-жақты зерттеу мақсатында төрелік соттар мемлекеттік мүлікті қайта құрудың даулы актілері мен мәмілелеріне қатысушылардың барлығын талап ретінде іске қатыстырғаны жөн.

3. Дауларды шешкен кезде, егер заңды күшіне енгізу туралы актіде басқасы көзделмесе, даулы құқықтық қатынастар туындаған кезде күшінде болған заңдарды басшылыққа алған жөн.

Төрелік соттар "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы" Заңының 24 баппен 3 тармағының күші (12.04.93 жылғы редакциясында) осы Заң күшіне енгенге дейін күшінде болған заңдарға сәйкес шаруашылық жүргізуші

субъектілер бекіткен мемлекеттік мүлікті сатып алу-сату мәмілелеріне тарамайтындығын ескеруі керек, өйткені ол заңда мемлекеттік мүлікке меншік нысанын өзгерту актілері заңсыз болып танылған жағдайда комитеттің төрелік сотқа ұсыныс енгізуі үшін нақты негіздер анықталған.

"Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы" Заңның 10 бабына сәйкес мемлекеттік кәсіпорындарды, бірлестіктерді ұйымдық-басқарушылық құрылымдар - акционерлік қоғамдарға, холдингтерге тіркеу және қайта құру Қазақстан Республикасы Монополияға қарсы комитетінің оң қорытындысы болған жағдайда ғана жүргізілетіндігін ескеру керек. Ал ол аталған заңның 6, 8 баптарында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік кәсіпорындарды тіркеу және қайта құру актілерін толық не ішінара жарамсыз деп тану туралы төрелік соттарға шағым жасауға құқылы.

4. Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың иелігіндегі мүлікке меншік құқығын тануға немесе оған таласқа байланысты дауларды, сондай-ақ осындай мүлікке қатысты мемлекеттік мүлікті қайта құру органдарының актілерін шешкен кезде төрелік соттар "Қазақстан Республикасындағы меншік туралы" Заңын, Азаматтық заң негіздерін басшылыққа алғаны жөн. Онда мүлік иесі болмаған, бірақ мүлікті өз меншігіндей адал, ашық және үздіксіз қозғалмайтын мүлікке 15 жыл, ал өзге мүлікке кем дегенде 5 жыл ие болған заңды тұлға сол мүлікке меншік құқығын алатындығы белгіленген.

Меншік құқығын алғанға дейін мүлік иесі емес, бірақ мүлікті өз меншігіндей иеленген заңды тұлға меншік иесі емес, сондай-ақ заң актілерімен немесе шартта көзделген басқа негіздер бойынша иелену құқы жоқ үшінші жақтардан өз қожалығын қорғауға құқылы.

5. КСРО және республикалардың Азаматтық заң негіздерінің 26 және Қазақ КСР Азаматтық кодексінің 41 бабына сәйкес мемлекеттік мүлікті қайта құру туралы мәмілелер мен актілер азаматтық-құқықтық мәмілелер болып табылады және тиісінше оларға азаматтық заңдардың жалпы нормалары қолданылады.

Мемлекеттік мүлікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру актілерін заңсыз деп тану туралы дауларды шешкен кезде төрелік соттар мәмілені заңсыз деп тану жағдайындағы реституция туралы азаматтық заң нормаларын, заңсыз мәміле жасаған тараптар кінәсінің мөлшерін, мүліктің қаржыларды пайдаланған уақытын ескеруі керек.

6. Мемлекеттік бірлестіктер құрылымдық бөлімшелерінің меншіктің мемлекеттік емес нысанына қайта құрылуы "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7 бабына сәйкес жүргізіледі, бұл орайда төрелік соттар Қазақстан Республикасы Меммүліккомының 26.03.93 жылғы N 2/2 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорындарды ашық түрдегі акционерлік қоғамдарға қайта құру туралы

ережесін назарға алуы керек. Ал ол, қызметі технологиялық жағынан бірлестіктің өндірістік жүйесімен байланысты емес құрылымдық бөлімшелерді ашық түрдегі акционерлік қоғамдарға жекешелендіруге мүмкіндік береді.

7. Акционерлік қоғамның, басқа мемлекеттік емес құрылымның құрылтайшы құжаттарын заңсыз деп тану туралы дауларды шешкен кезде төрелік соттар заңды тұлғаларды таратудың негіздері мен тәртібі "Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындар туралы", "Шаруашылық жолдастықтар мен акционерлік қоғамдар туралы", "Меншік туралы" Заңдарымен, Азаматтық кодекспен анықталатындығын ескеріп, меншік иеленушілерге қайта құрылған кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды немесе таратуды Қазақстан Республикасы заңдарымен анықталған тәртіп бойынша жүргізуді ұсынуы керек.

8. Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру барысында мүлікке меншік құқығы туындауы туралы мәселені шешкен кезде "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы" Заңының 24 бабының және "Шаруашылық жолдастықтар мен акционерлік қоғамдар туралы" Заңының 68 бабының мәнін басшылыққа алу керек. Оларға сәйкес сатып алу-сату шарты бекітілген немесе шаруашылық жолдастық, акционерлік қоғам тіркелген кезден бастап меншік құқығы сатушыдан сатып алушыға өтеді.

9. Егер сатып алынған объектінің толық бағасы төленгенге және құқық меншігіне ие болу туралы мемлекеттік акт берілгенге дейін сатып алушы мен сатушы арасында мәміле бойынша тараптардың міндеттерін көздейтін (төлем көзі, мерзімі және тәртібі, жекешелендірілген мүлікті пайдалану және т.б.) шарт бекітілсе, онда Азаматтық кодекстің 47 бабына сәйкес мұндай келісімдер шартты түрде бекітілген деп бағаланады.

Сатып алушы меншік құқығына ие болғаннан кейін келісім жөніндегі міндеттерді орындамаған жағдайда мүдделі тарап шартты бұзу туралы мәселені қоюға құқылы.

10. Мемлекет меншігін мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы немесе мемлекеттік меншікті қайта құру кезінде мүлік бағасына дұрыс баға бермеу және акцияларды орналастыру (сату) тәртібін бұзу негіздері бойынша таласты актілер мен мәмілелерге байланысты дауларды қараған кезде Азаматтық заң негіздерінің 65 бабын басшылыққа алған жөн. Оған сәйкес өтеу келісімінің орындалуы тараптар келісімімен белгіленген баға бойынша төленеді. Заң актілерімен көзделген жағдайларда келісім бағасы өкілетті мемлекеттік органдармен бекітілген және реттелген бағаларды, тарифтерді және т.б. ескере отырып тараптардың келісімімен анықталады. Келісім бағасын ол бекітілгеннен кейін өзгерту тек келісімде және заңда көзделген жағдайлар мен шарттарда болуы мүмкін.

11. Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы дауларды шешу барысында төрелік соттар мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру туралы заңды бұзушылықтарға жол беретін мемлекеттік билік және басқару органдары атына жеке ұйғарымдар шығару, жекешелендіруге, объектілердің бағасын төмендетіп, заңсыз мәмілелермен шығын келтірілуіне мемлекет иелігінен алу және жекешелендіруге қатысқысы келетін Қазақстан Республикасының жаңа меншік иеленушілері мен азаматтарының заңмен қорғалатын мүдделерін бұзуға кінәлі лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту арқылы алдын алу жұмыстарының тиімділігін арттыру қажет.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК